Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға (мұғалім, ата-ана, оқушы) педагогикалық психологиялық қолдау көрсету мақсатында жоспарға сай 5 бағытпен психологиялық сүйемелдеу жұмысы: психологиялық диагностика; алдын алу (профилактикалық) және ақпараттық-ағартушылық бағытта; түзету-дамытушылық; кеңес беру; әдістемелік ұйымдастырушылық және сарапшы-нышан жұмыстары онлайн, офлайн түрде, оқушы және ата-аналар ватсап чаты арқылы психологиялық қызмет жүргізілді.

Жоспар бойынша I, II жарты жылдықта атқарылған психологиялық қызмет бағыттары бойынша қызмет атқарылды:

1) 1, 5, 10 сынып оқушыларының мектепке, орта буынға бейімделу кезеңіне байланысты әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық сүйемелдеу жұмысы;

2) Мектеп оқушыларының жеке қауіпсіздігін алдын алу мақсатында деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жұмысы (Денсаулық пен тіршілік дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсауды алдын-алу бағдарламасын жүзеге асыру іс-шаралар жоспары, 8-11 сынып), Оқушылардың өзін-өзі бағалау, күйзеліске тұрақтылық деңгейін анықтау диагностикасын өткізу (5-7 сынып);

3) 9, 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан (дәріс, жадынама, кеңестер) дайындық;

4) Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруде психологиялық қолдау (7-11 сынып);

5) Сабақтастық кезінде психологиялық сүйемелдеу (4 сынып)

6) Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспары бойынша педагогикалық кеңесте, мектептік және сыныптық ата-аналар жиналысында мектеп оқушыларымен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысын таныстыру, білім сапасын арттыру, мектеп оқушыларының жеке қауіпсіздігін және психологиялық саулығын алдын алу;

7) Жоспардан тыс сұраныс бойынша әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық қызмет көрсету.

Оқу жылының I жарты жылдығында келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес және сұраныстар бойынша орындалды:

I. Диагностикалау:

1) 06.09.-17.09.2021 ж. 5 «А, Ә, Б, В» сыныптар бейімделулеріне байланысты логикалық ойлау, зейін, ес процестерін, социометрия әдісі, мектеп-гимназиясын эмоционалдық қабылдауы, өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында диагностикалар алынды. Диагностикаға 96 оқушы қатысты. Қорытындысы бойынша логикалық

ойлау жоғары деңгейді – 67%, орташа деңгейді –33%; зейіні жоғары деңгейді – 64%, орташа деңгейді – 36%; көру-есту-моторлық есте сақтау түрлерін зерттеу бойынша жоғары деңгейді –70%, орташа деңгейді – 30%;

2) өзін-өзі бағалау деңгейінің экспресс диагностикасы бойынша жоғары деңгейді – 25%, орташа деңгейді – 44%, төмен деңгейді – 31%,

3) социометрия әдісі бойынша жұлдыздар – 29%, беделділер – 39%, қабылданғандар – 32% көрсетті.

4) 14.09-24.09.21 ж. 10 «А,Ә,Б» сынып. Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау экспрес тест қорытындысы: 74 оқушы қатысты, 1 оқушы қашықтықтан оқуына байланысты қатыспады. Мазасыздану сезілмейді 91,7%-ды, 8,3-ы орташа мазасыздықты көрсетті. Сынып жетекшілеріне тест қорытындысы бойынша жалпы ақпарат берілді.

5) 10 «А,Ә,Б» сынып оқушыларының ұжымдағы және ұжымнан тыс қарым-қатынас мәртебесін анықтау мақсатында «Социометрия» әдісі арқылы сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі «Жұлдыздар» - ең көп таңдалынған оқушылар саны, «Ортада» - орташа таңдалғандар, «Қабылданғандар» - елеусіз оқушылар (таңдауда сәйкес келмеген). «Оқшау қалғандар» - шеттелген оқушылар бірде-бір рет таңдалынбаған оқушылар анықталып, сынып жетекшілеріне ұсыныс берілді.

6) 20.09-08.10.2021ж. аралығында 5 «А, Ә, Б, В», 6 «А, Ә, Б, В, Г, Д», 7 «А, Ә, Б, В, Г» сынып оқушыларынан мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды. 5 сынып 104 оқушы, мазасыздану сезілмейді 27%, мазасыздану қалыпты орташа 73%; 6 сынып 138 оқушы, мазасыздану сезілмейді 24%, мазасыздану қалыпты орташа 64%, жоғары мазасыздану 12% көрсетті. 7 сыныптарда 111 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша мазасыздану сезілмейді 10%, мазасыздану қалыпты орташа 86%, жоғары мазасыздану 4 оқушы 4% көрсетті.

7) 16.09-01.10.2021 ж. 11 сынып оқушыларының кәсіби бағдары, ҰБТ-ға, мемлекеттік емтиханға психологиялық дайындығын және кәсіптік мінез-құлық типін анықтау, сауалнамаға-тестке 75 оқушы қатысты.

8) Психологиялық сүйемелдеу тобын анықтау онлайн сауалнамасы 08.10 - 19.11.2021 ж.аралығында 8-11 сынып тізім бойынша барлығы 350 оқушы. Сауалнамадан өтті – 347 оқушы. Сауалнамадан өтпеген: 3 оқушы (сауалнамаға қатысуға бастартқан). Сауалнама нәтижесі бойынша психологиялық қолдау тобы – 15 оқушы. Сұхбаттан өтті: 15 оқушы. Сұхбат нәтижесі бойынша: бақылау тобы – 11 оқушы, жоғары бақылау – 4 оқушы (стресс). 4 оқушымен жеке түзету дамыту жұмысы жүргізілді.

9) 09.11 – 15.11.2021 ж.аралығында мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігін анықтау, алдын алу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында анонимді онлайн сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 5-7 сыныптарда 96 оқушы, 8-10 сыныптарда 74 оқушы, барлығы 170 оқушы (59,5% қыз, 40,5%-ы ер бала) қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар өз құқықтары туралы жалпы ақпаратты біледі, өміріне қауіп төндіретін жағдайлар анықталмады, қиындыққа тап болған жағдайда ата-анасы, мұғалім, достары, мамандардан (психолог, әлеуметтік педагог, медбике, мұғалім, сынып жетекші, туыстары, милициядан) көмек сұрай алатындығы байқалды.

10) 18.11-22.12.2021ж. аралығында 5 «А, Ә, Б, В», 7 «А, Ә, Б, В, Г» сынып оқушыларының пәнге деген қарым-қатынасын анықтау сауалнамасы алынды,

сауалнамаға 5 сыныпта 101 оқушы, 7 сыныпта 110 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы өңделіп, хаттамасы толтырылды, пән мұғалімдеріне ұсыныс жазылды.

11) 15.11 – 06.12.2021ж. Оқу сапасы төмен сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығын анықтау анкетасы алынды. 8Б,В, 9А,В, 10А,11А сынып оқушылары қатысты. Барлығы 151 оқушы қатысты. Анкета қорытындысы өңделіп, ДОЖЖО-на таныстырылды.

II. Түзету-дамыту жұмысы:

1) 03.09.-24.09.2021 ж. 1 «А,Ә,Б,В» сынып оқушыларының мектепке бейімделуін байқау мақсатында мектепке келу кезінде эмоционалдық күйі бақыланды, сынып оқушыларымен кездесіп әңгіме жүргізілді. Оқушылар өз еркімен, мектепке келді, мектепке көзқарасы оң. 1 сынып оқушыларымен ұжымды қалыптастыру, белсенділікті арттыру санамақ, заттарды топтастыру, қимыл-қозғалысты жаттығулар орындалды, оқушылардың көңіл-күйі көтеріңкі. Балалар ойын-жаттығуға қызығушылықпен белсенді қатысты. Берілген нұсқауды түсінеді, топтан қалыспай орындады.

2) 27.09-01.10.2021ж. аралығында 5 «А, Ә, Б, В», 6 «А, Ә, Б, В, Г, Д» сынып оқушыларымен қарым-қатынастарын нығайту мақсатында тренинг өткізілді. 27.09-01.10.2021ж. аралығында 5 «А, Ә, Б, В», 6 «А, Ә, Б, В, Г, Д» сынып оқушыларымен қарым-қатынастарын нығайту мақсатында тренинг өткізілді.

3) 11.10-15.10.2021ж. аралығында мазасыздық деңгейі жоғары көрсеткен 6, 7 сыныптардың 20 оқушысымен жеке әңгіме жүргізіліп, мазасыздану жоғары болған кезде қалай арылуға болатыны жайлы кеңестер берілді.

4) 2021 ж.қазан-желтоқсанда психологиялық бақылау тобы оқушыларымен (15 оқушымен) түзету дамыту жұмысы жүргізілді.

5) 10.11 – 15.11.2021 ж. 8-9 сынып оқушыларымен сенім, ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Өзімді білу үшін 5 себеп» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке 8Ә, 9А,Ә,Б,В сынып оқушылары қатысты. Тренинг барысында оқушылар еркін қатысып, белсенділік танытты. Тренинг барысында жаттығуларды орындау барысында өз сенімділіктерін арттырып, ұжымдағы қарым-қатынастың нығая түскендігі байқалды.

6) Қараша-желтоқсан айында жоспар бойынша сенімділік, ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 8 «А,Ә». 9 «Ә,В» сынып оқушыларымен дамыту тренинг жаттығулары өткізілді.

7) Қазан – желтоқсан айында 2-3 сынып үлгерімі төмен 8 оқушымен дамыту және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

III. Профилектика және психологиялық ағарту:

1) 06.09.-10.09.2021 ж. 8-11 сыныптар бойынша жаңа келген оқушыларды анықтау мақсатында сынып жетекшілерінен кездесуде әңгіме жүргізілді. Әңгіме қорытындысы бойынша 8-11 сынып бойынша басқа мектептен келген 23 оқушы. Оқушылар ұжымға бейімделіп, тілі табысып кетті. Мінез-құлқында қиындықтар байқалмады.

2) 2021 жылы 17 қыркүйекте мектепшілік отбасы күнін мерекелеу шеңберінде іс-шаралар жоспары бойынша отбасыдағы қарым-қатынасты және мектеппен қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Отбасы және мектеп» тақырыбында

психологиялық семинар-тренинг 10А,Ә,Б сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді.

3) 16.09-01.10.2021 ж. 11 «А,Ә,Б» сынып оқушыларымен «ҰБТ, мемлекеттік емтиханға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында жадынама, ұсыныс-кеңес берілді: күн тәртібін жоспарлау, дұрыс тамақтану, тиімді дайындық кестесін құру жолдары ұсынылды.

4) 19.11.2021 ж. мектепшілік жоспар бойынша 11А,Ә,Б сынып ата-аналар, директор, ДОЖЖО, ДОТЖЖО, 11 сынып жетекшілері және пән мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысында «ҰБТ-ға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында психологтың ұсыныс-кеңестері беріліп, дәріс оқылды.

5) 2021 жылдың 15-16 қыркүйекте жоспар бойынша оқу-тәрбие жоспары бойынша Ақмола облысы ДІБ "Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы" КММ психологы Г.Б. Шалхарова 8-11 сынып оқушыларына арналған "Деструктивті діни ағымдағы жастарға кері әсер ету қаупі" тақырыбында дәріс оқып, құнды ақпараттар берді. Дәріске 8А,Ә,Б,В. 9А,Ә,Б,В. 10А,Ә,Б. 11А,Ә,Б сынып оқушылары қатысты.

6) 21.09-23.09.2021 «Деструктивті мінез-құлықты алдын-алу» іс-шаралар жоспары негізінде ж. ZOOM платформасында Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды дамыту және талдау орталығы» КММ-нің маманы Г.Б. Шалхарова шақырылып, 1-4, 5-7, 8-11 сынып ата-аналарымен кездесуде «Отбасы - діни экстремизмге қарсы иммунитет негізі» тақырыбында дәріс оқыды. Мектеп инстаграмына жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/CUT3XNPoffs/?utm_medium=copy link.](https://www.instagram.com/p/CUT3XNPoffs/?utm_medium=copy_link)

7) 21.09.2021 ж. 5 сынып ата-аналарымен кездесуде «5 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында жадынама, ұсыныс-кеңестер берді. Электронды нұсқасы (PDF) 5 сынып ата-аналар чатына жіберілді. Мектеп инстаграмына жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/CUT2mopI6P9/?utm_medium=copy link.](https://www.instagram.com/p/CUT2mopI6P9/?utm_medium=copy_link)

8) 22.09.2021 ж. «1-сынып ата-аналарына арналған психологтың кеңесі», тақырыбында жадынама, ұсыныс-кеңестер берді. Электронды нұсқасы (PDF) 1 сынып ата-аналар чатына жіберілді. Мектеп инстаграмына жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/CUT25Rhor8z/?utm_medium=copy link.](https://www.instagram.com/p/CUT25Rhor8z/?utm_medium=copy_link)

9) 23.09.2021 ж. ZOOM платформасында 8 сынып ата-аналарына «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын таныстырып, түсіндірме жұмысын жүргізді. Мектеп инстаграмына жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/CUT3itzIBII/?utm_medium=copy link.](https://www.instagram.com/p/CUT3itzIBII/?utm_medium=copy_link)

10) 21.10.2021 ж. ZOOM платформасында лицей қызметкерлері үшін «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» тақырыбында дәріс оқылды. Дәріске қатысуға тиісті 40 мұғалімнің 26 мұғалімі қатысты. Дәрістің электронды нұсқасы мұғалімдер чатына жіберілді.

11) 01.11.2021 ж. «Эмоционалды жану синдромын алдын алу жолдары» тақырыбында педагогтерінің (бастауыш, орта буын, жоғары сынып) қатысуымен жоспар бойынша психологиялық семинар тренинг өткізілді. Тренингке 71 мұғалім қатысты. Қорытынды: педагог әріптестеріміз кәсіби педагог ретінде өздерінің

психикалық, физикалық саулығын нығайту үшін онлайн диагностикадан өтіп, қорытындысы бойынша ұсыныс-кеңес алды, тренинг жаттығуларына белсенділікпен қатысып, алған әсерлерімен бөлісті. Дәрістің электронды нұсқасы мұғалімдер чатына жіберілді. Релаксацияға арналған бейне жаттығулар, аудиокітаптар, музыка ссылькалары ұсынылды. Мектеп инстаграммына жарияланды. https://www.instagram.com/p/CVw09z2su9b/?utm_medium=copy_link

12) 03.11.2021 ж. мектеп қызметкерлеріне мектеп оқушыларының өмірлік қауіпсіздігін алдын алу мақсатында "Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу" тақырыбында мектеп психологы дәріс оқыды, құнды ақпараттар беріді. Дәріске 9 мектеп қызметкерлері (техперсонал, әлеуметтік педагог, кітапханашы) қатысты. Инстаграмға жарияланды. https://www.instagram.com/p/CV5AhZJsbf/?utm_medium=copy_link

13) 03.11.2021ж. педагогикалық кеңесте «Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықты алдын алу бағдарламасы» іс-шара жоспары бойынша атқарылған психологиялық жұмыс туралы ақпарат, ұсыныс-кеңестер берілді

14) ҚББ-нің 2021 ж.01.11. №03-5183 хаты негізінде 09.11-10.11.2021 ж.жоспар бойынша 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сынып оқушылармен ДОТЖЖО-лары, әлеуметтік педагог және психологтың қатысуымен кездесу өтті. Кездесуде әлеуметтік педагог К.Н.Казгожина «Менің құқығым» тақырыбында оқушылардың тәртіп бұзушылықты алдын алу мақсатында дәріс оқыды, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Дәріске 5А,Ә,Б,В. 6А,Ә,Б,В,Г,Д. 7А,Ә,Б,В. 8А,Ә,В. 9А,Ә,Б,В. 10А,Б. 11А,Ә сынып оқушылары толық қатысты.

15) 18.11-10.12.2021 ж. «Өз көңіл-күйіңе әсер ет, оны жақсарт.» тақырыбында №1,2,3 дәріс 8 А,Ә,Б,В,Г сыныптарда өткізілді. Дәрісте «Психикалық және физикалық денсаулық туралы қарастырылып, оны сақтаудың жолдары», «Өз сезіміңді қалай түсіне аламын?», «Өзіңді жақсырақ сезіну үшін не істей аламын?», «Өзім және біреу қорлыққа тап болса не істеуге болады?» деген сұрақтарға жауап алынып, оқушылардың ой-пікірімен бөлісіп, ұсыныс-кеңестер, ақпараттар берілді.

16) 15.11 – 06.12.2021ж. Оқу сапасы төмен сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығын анықтау анкетасы алынды. 8Б,В, 9А,В, 10А,11А сынып оқушылары қатысты. Анкета қорытындысы өңделіп, ДОТЖЖО-на таныстырылды.

17) 06.12 - 09.12.2021 ж. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 03.12.2021 ж. №06-05/8198 хаты негізінде мектепшілік «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» атты апталық іс-шаралар жоспары бойынша «Өз денсаулығың – өз қолыңда!» тақырыбында 7-10 сынып оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізді. Түсіндірме жұмысы барысында оқушыларға жағымсыз әдеттерден аулақ болу мақсатында мамандардың бейне кеңестері, дәрістері оқылды.

18) Ата-аналарға арналған ақпараттық түсіндірме жұмысы, мамандардың кеңесінің «Теледәрігер» бағдарламасының ссылқасы ата-аналар чатына жіберілді. Мектеп инстаграмына жарияланды. <https://youtu.be/ZGQGfJl5-D8>

IV. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс:

- 1) 2021 ж.қыркүйек 1 «А,Ә,Б,В» сынып ата-аналарынан психологиялық қызмет жайлы ақпараттандырылып, келісім алынды, жеке оқушылар туралы мәлімет алу үшін ата-аналарға арналған сауалнама өткізілді.
- 2) 22.09.2021 ж. ата-аналар жиналысында «1-сынып ата-аналарына арналған психологтың кеңесі» тақырыбында жадынама, ұсыныс-кеңестер әзірленді. Электронды нұсқасы (PDF) 1 сынып ата-аналар чатына жіберілді. Мектеп инстаграмына жарияланды.
https://www.instagram.com/p/CUT25Rhor8z/?utm_medium=copy_link
- 24.09.2021 ж. арнайы мамандар жасөспірімдерге арнап дайындаған «Жасөспірім шақтағы махаббат» атты бейнематериал ссылқасы 8-11 сынып оқушылар чатына жіберілді.
https://www.instagram.com/tv/CUE_KMKDvJB/?utm_medium=copy_link
- 3) 04.10 – 08.10.2021ж. 8 сыныптар бойынша «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және өмірлік қауіпсіздігін алдын алу» бағдарлама бойынша ата-аналарға келісім парағы берілді. 93 оқушының ата-анасынан келісім алынды, 3 оқушының ата-анасы келісім бермеді. Оқушыларға онлайн сауалнамадан өту үшін код дайындалды.
- 4) 09, 10.10.2021 ж. 10-қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай мұғалімдер ұжымына, 1-11 сынып ата-аналарына ұсыныс-кеңес әзірленіп, тақырып бойынша бейнематериал чаттарына жіберілді.
- 5) Психикалық денсаулықты нығайту мақсатында 5-7 сынып оқушыларна ұсыныс-кеңестер және 8 – 11 сынып оқушылар чатына ұсыныс-кеңестер әзірленіп, «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы туралы» психологтың бейнесабак ссылқасы жіберілді. Жіберілген ақпараттар гимназия инстаграмм желісіне жарияланды. https://www.instagram.com/p/CU4SRHhsz8j/?utm_medium=copy_link
- 6) 01.11.2021 ж. «Эмоционалды жану синдромын алдын алу жолдары» тақырыбында педагогтерге арналған психологиялық семинар тренинг жоспары, өткізілген іс-шараның электронды нұсқасы мұғалімдер чатына жіберілді. Релаксацияға арналған бейне жаттығулар, аудиокітаптар, музыка ссылқалары ұсынылды. Мектеп инстаграммына жарияланды.
https://www.instagram.com/p/CVw09z2su9b/?utm_medium=copy_link
- 7) 03.11.2021 ж. мектеп қызметкерлеріне мектеп оқушыларының өмірлік қауіпсіздігін алдын алу мақсатында "Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу" тақырыбында дәріс мектеп инстаграмм желісіне жарияланды.
https://www.instagram.com/p/CV5AhZJsbf/?utm_medium=copy_link
- 8) 09.11.2021ж. ҚББ-нің сұранысы «Қосымша білім беруде балалармен зорлық-зомбылық және қатігездік қарым-қатынас, девианттық мінез-құлық, жеткіншектердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында жеткіншектерге және ата-аналарға тегін психологиялық көмек беру, қолдау орталығы ашылғандығы жайында ақпарат берілді, 1-4, 5-7, 8-11 сынып ата-аналар чатына жіберілді.
- 9) 19.11.2021 ж. мектепішілік жоспар бойынша 11А,Ә,Б сынып ата-аналар, директор, ДОЖЖО, ДОТЖЖО, 11 сынып жетекшілері және пән мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысында «ҰБТ-ға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында психологтың ұсыныс-кеңестері

10) 18.11.2021 ж. мектепшілік жоспар бойынша 11А,Ә,Б сынып ата-аналар, директор, ДОЖЖО, ДОТЖЖО, 11 сынып жетекшілері және пән мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысына «ҰБТ-ға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында психологтың ұсыныс-кеңестері әзірленді.

11) 2021 ж. қазан-желтоқсанда психологиялық бақылау тобы оқушыларымен (15 оқушы) жүргізілген психологиялық қолдау жұмыстарының хаттама, жеке карталары толтырылды.

12) 2021 ж. қазан – желтоқсан айында 2-3 сынып үлгерімі төмен 8 оқушының, оқу үлгермеушіліктегі қиындықтардан шығу жолдарын қарастыру мақсатында сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсыныс-кеңестер берілді.

13) 06.12-15.12.2021 ж. АОББ-ның Көкшетау ҚББ ММ-нің 2021 ж. 23.11. №03-5637 хаты негізінде оқу процессінде оқушылардың психологиялық денсаулығын анықтау мақсатында ата-аналардан келісімі бойынша онлайн сауалнамаға қатысты 233 оқушы, онлайн сауалнамаға қатысу үшін педагогтар ұжымына түсіндірме жұмысы жүргізіліп, 84 мұғалім қатысты.

14) 18.11-22.12.2021ж. аралығында 5, 7 сынып оқушылар арасында өткізілген «Пәнге деген қарым-қатынасын анықтау» сауалнама қорытындысы өңделіп, хаттамасы толтырылды, пән мұғалімдеріне ұсыныс жазылды.

15) 22 – 24.12.2021 ж. 8-11 сынып «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралардың құжаттамалары реттеліп (оқушылардың психологиялық жеке картасы, мінездемесі, анықтама, кеңес беру хаттамалары) толықтырылды.

16) I жарты жылдық психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер жазылды.

Қорытынды: 2021-2022 оқу жылындағы I жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық қызметі атқарылды.

II жарты жылдық психологиялық қызметіне ұсыныстар:

1. 2021-2022 оқу жылындағы II жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық қызмет үрдісін жалғастыру.

2. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру іс-шаралары және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу бойынша жұмыс жоспарын жалғастыру (5-7, 8-11 сынып).

3. Оқушылардың оқу, іс-әрекетке қызығушылығын, бейімділігін (7-8 сынып) және кәсіби бағдарын анықтау, мамандықты дұрыс таңдауда психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу (9,11 сынып).

4. Бастауыш сынып бітіруші оқушылардың орта буынға бейімделуде кездесетін қиындықтарды алдын алу мақсатында психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу.

5. Жоспардан тыс сұраныс бойынша жеке және топтық психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу.

6. Оқу жылы бойына атқарылған психологиялық қызметтің сараптамалық есебін жазу.

Оқу жылының II жарты жылдығында келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес және сұраныстар бойынша орындалды:

I. Диагностикалау:

1. 31.01 – 11.02.22 ж. 9 сынып оқушылары және ата-аналармен мектепті бітіргеннен кейінгі жоспарын білу мақсатында «Өзін-өзі анықтау» онлайн сауалнама өткізілді. 98 оқушы, 49 ата-ана қатысты. Қорытындысы бойынша: 1) Өзіңе ұнайтын оқу профилі? Әлеуметтік-экономикалық (қоғамтану, география) – 9,2; Гуманитарлық (тарих, әдебиет, психология) - 14,3; Физика-математикалық (физика, информатика, геометрия) - 13,3; Жаратылыстану (биология, география немесе физика, химия) - 9,2; Филологиялық (қазақ тілі, шет тілі, әдебиеті, орыс тілі) - 20,4; Ақпараттық технологиялар (информатика – физика) - 6,1; Агротехнологиялық (биология, химия) - 12,2; Қорғаныс-техникалық (физика, тарих, геометрия) - 4,1; Көркемдік (әдебиет, музыка, өнер) - 12,2. 2) 9 сыныпты бітіргеннен кейін оқушының ниеті: Мектепте 10 сынып оқимын - 54,1; Колледжге оқуға барамын, ата-анам да келіседі - 40,8; 9 сыныптан кейін колледжге барғым келеді ата-анам келіспейді - 12,2. Ата-ананың ниеті: Мектепте 10 сынып оқиды, балам да келіседі 59,2; Колледжге оқуға барады, балам да келіседі - 34,7; Балам 9 сыныптан кейін колледжге барғысы келеді, ата-анасы біз келіспейміз 6,1. 3) Қай саладағы мамандықты таңдар едіңіз? Техникалық - 10,2; Экономикалық сала - 12,2; Шығармашылық, өнер - 8,2; Медициналық - 22,4; Әскери маман - 7,1; Педагогикалық - 3,1; Заңгер - 5,1; Көлік, транспорт – 1,0; Лингвистикалық - 10,2; Ақпараттық технологиялар - 3,1; Құрылыс – 2,0; Қызмет көрсету саласы - 5,1.

2. 14.02-18.02.2022 ж. 8 «А, Ә, Б, В» сынып, 03-11.03.2022 ж. 7 «А, Ә, Б, В, Г» сынып «Қызығушылық карта» сауалнамасы алынды, қорытындысы бойынша топтық кеңес. 8 сыныптарда 86 оқушы, 7 сыныптарда 119 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша: физика мен математиканы – 13,3%; химия мен биологияны – 33,6; радиотехника мен электрониканы – 20,8%; механика мен құрылымды – 15,5%; география мен геологияны – 18,1%; әдебиет пен өнерді – 28,1%; тарих пен саясатты – 18,3%; педагогика мен медицинаны – 19,6%; Кәсіпкерлік пен үй шаруашылығы – 32,0%; Спорт пен әскери іс – 27,0%-ды көрсетті.

3. 21.02 – 25.02.2022 ж. 10 «А,Ә,Б» сынып «Мамандық типтерін анықтау» сауалнамасы, қорытындысы бойынша топтық, жеке кеңес. 70 оқушы қатысты. 1) Қызықтыратын оқу профилі: Әлеуметтік-экономикалық (қоғамтану, география) – 27,8; Гуманитарлық (тарих, әдебиет) – 29,2; Физика-математикалық (физика, информатика, геометрия) – 11,1; Жаратылыстану (биология, география немесе физика, химия) – 26,4; Филологиялық (қазақ тілі, шет тілі, әдебиеті, орыс тілі) – 31,9; Ақпараттық технологиялар (информатика – физика) – 13,9; Агротехнологиялық (биология, химия) – 16,7; Қорғаныс-техникалық (физика, тарих, геометрия) – 5,6; Көркемдік (әдебиет, музыка, өнер) – 15,3. 2) Қандай әрекет түрі қызықтырады?: Менеджмент – 30,6; Қызмет көрсету - 26,4; білім – 15,3; денсаулық – 12,5; шығармашылық – 19,4; өндіріс – 15,3; дизайн – 34,7; зерттеу – 22,2; қорғау – 13,9; бақылау – 22,2; спорт – 19,4. 3) А.Е. Климов Дифференциалды –диагностикалық сұрақнамасы: табиғат – 31,9; техника – 16,7; адам – 44,4; белгілеу жүйесі – 26,4; көркем бейне – 43,1.

4. 04.04-08.04.2022 ж. 9 сынып Кәсіби бейімділікті, бағдарын анықтау сауалнамасына 97 оқушы қатысты. «Мінез-құлық типтері» Дж. Голланд тесті. Нәтижесі бойынша реалисттік – 44,3; зияткерлік – 43,3; әлеуметтік – 67,0; конвенциялық – 50,5; іскер – 63,9; әртістік – 52,6. «Дифференциальды-диагностика»

(А.Е. Климов) нәтижесі: табиғат – 37,1; техника – 26,8; адам – 41,2; белгілеу жүйесі – 19,6; көркем бейне – 40,2.

5. 04.04 - 05.04.2022 ж. оқушылардың бейіндік пәндерін анықтау мақсатында мақсатында әкімшілік сұранысы бойынша 6 «А,Ә,Б,В,Г,Д» сынып «Оқушылардың пәнге деген қарым-қатынасын» анықтау сауалнамасы. Сауалнамаға 134 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша пәндерге деген қарым-қатынасы белсенді, оң-көзқарас – 50,3; немқрайлық 39,5; төмен көзқарас 10,2%.

6. 11.04-25.04.2022 ж. 4 сынып сабақтастық кезеңінде «Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау» сауалнамасы, Н.Г. Лусканова, пәнге деген көңіл-күйін анықтау «Термометр» әдістемесі алынды, 119 оқушы қатысты. Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы қорытындысы: Мектеп мотивациясының, білім беру қызметінің жоғары деңгейі – 8,4; Мектеп мотивациясы жақсы, қалыпты - 29,4; Мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп сыныптан тыс жұмыстармен көбірек тартады – 32,8; Төмен мектеп мотивациясы – 29,8. «Термометр» әдістемесі қорытындысы бойынша 4 «А,Ә,Б,В» сынып жетекші мұғалімдеріне ұсыныс-кеңестер берілді.

7. 11.04-20.05.2022 ж. 5-9 сынып «Психикалық денсаулық, өзін-өзі бағалауды анықтау» Айзенк сауалнамасы алынды. Қорытындысы бойынша жеке және топтық ұсыныс-кеңес берілді. 7 «А,Ә,Б,В,Г» сынып оқушыларынан «Психикалық денсаулық, өзін-өзі бағалауды анықтау» сауалнамасы алынды, сауалнамаға 109 оқушы қатысты. Сауалнаманың қорытындысы бойынша мазасыздық белгісі жоқ 101 оқушы (93%), мазасыздық деңгейі орташа 8 оқушы (7%), фрустрация деңгейі төмен 103 оқушы (94%), фрустрация деңгейі орташа 6 оқушы (6%), агрессивтілік деңгейі жоқ 101 оқушы (93%), агрессивтілік деңгейі орташа 8 оқушы (7%), қаттылық деңгейі жоқ 105 (96%), қаттылық деңгейі орташа 4 оқушы (4%) көрсетті. 6 «А,Ә,Б,В,Г,Д» сынып сыныптарда 137 оқушы қатысты. Сауалнаманың қорытындысы бойынша мазасыздық белгісі жоқ 130 оқушы (95%), мазасыздық деңгейі орташа 7 оқушы (5%), фрустрация деңгейі төмен 126 оқушы (92%), фрустрация деңгейі орташа 11 оқушы (8%), агрессивтілік деңгейі жоқ 130 оқушы (95%), агрессивтілік деңгейі орташа 7 оқушы (5%), қаттылық деңгейі жоқ 137 оқушы (100%) көрсетті. 5 «А,Ә,Б,В» сынып сыныптарда сауалнамаға 101 оқушы қатысты. Сауалнаманың қорытындысы бойынша мазасыздық белгісі жоқ 98 оқушы (97%), мазасыздық деңгейі орташа 3 оқушы (3%), фрустрация деңгейі төмен 97 оқушы (96%), фрустрация деңгейі орташа 4 оқушы (4%), агрессивтілік деңгейі жоқ 96 оқушы (95%), агрессивтілік деңгейі орташа 5 оқушы (5%), қаттылық деңгейі жоқ 101 оқушы (100%) көрсетті. Ұсыныс бойынша мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік деңгейлері орташа көрсеткен оқушылармен жеке әңгіме жүргізіліп, аталған күйлерден қалай арылуға болады кеңестер берілді, мазасыздық проблемаға айналғанда көмекті кімнен және қалай сұрау керек? Тыныс алу және денені бос ұстау жаттығуларын жасау, саналы ойлау, қорқынышпен бетпе-бет келу, дұрыс тамақтану, дене жаттығуларын жасау және уақытында ұйықтау, жеткіншектерге арналған әдебиеттер оқу ұсынылды. 8-9 сыныптарда 194 оқушы қатысты. Мазасыздығы жоғары 3,7%, фрустрация 4,2%, агрессивтілік 3,7%, қаттылық 3,7%. Мазасыздығы, фрустрациясы жоғары 9 оқушымен жеке жұмыс жүргізіліп, ұсыныс-кеңес берілді.

8. 18.04-06.05.2022ж. И.Н. Гурвичтің «Жүйке-психикалық бейімделу» тест-сауалнамасы (10-11 сынып) алынды. 150 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы

бойынша психикалық күйзеліс белгілері бар деп анықталған 25 оқушымен жеке жұмыс жүргізіліп, ұсыныс-кеңес берілді.

II. Түзету-дамыту жұмыс:

1) 27, 31.01. – 25.02-18.04.2022 ж. 5«В,А,Ә,Б», 6«Б», 7«Г» сыныптарда «Достық қымбат өмірде» танымдық психологиялық сағат.

2) 07.02-11.02.2022ж. 5 «А» сынып қыздарымен тәртіптеріне байланысты жеке әңгімелесу.

3) 10, 11.02.2022 ж. 11 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларының қатысуымен ҰБТ-ға психологиялық дайындықты нығайтуда коммуникациялық іскерлікті жетілдіру, өзін сенімді сезіну үшін тұлғаны психологиялық күйге келтіру мақсатында психологиялық тренингі өткізілді. Тренингке 11А сыныптан 20 оқушы, 11Ә 20 оқушы, 11Б 19 оқушы қатысты.

4) 02.03.2022 ж. 10 «А,Ә,Б» сынып ұжымдағы қарым-қатынас шеберлігін нығайту мақсатында «Біз мұнда не үшін жиналдык» тренинг.

5) 14-18.03, 01.04.2022 ж. 8 «Ә,Б,В,А» сынып қыздармен кездесу, тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында психологиялық сағат.

6) 16.03.2022 ж. Облстық пән олимпиадасына қатысушы 9-11 сынып оқушыларымен «Мақсатқа жету жолында» тренинг.

7) 07-11.04.2022 ж. 8 «А», 9 «В», 8 «Ә» сынып ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында топтық тренинг өткізілді.

8) 21,22.04.2022 ж. 11 «А,Ә,Б» сынып ҰБТ, қорытынды аттестаттауға дайындықтағы қиындықтарды, мәселелерді шешу жолдары мақсатында «Танымдық әңгіме» жүргізілді. Оқушылар пән мұғалімдеріне өз ұсыныстарын білдірді. Әкімшілік отырысында ұсыныстары ескертілді.

9) 24.01 – 23.02.2022 ж. Сұраныс бойынша оқу үлгерімі орташа, төмен 2А, 2Г, 4А,Ә,Б сыныптан 9 оқушымен жеке дамыту, зерттеу жұмысы, қорытындысы бойынша мұғалім және ата-аналарға ұсыныс-кеңестер берілді.

10) 31.01 – 11.03.2022 ж. Оқушылардың психологиялық дүниетанымының дамуын, қиындықтарды анықтау мақсатында түзету жұмысы 1«А» - 26 оқушы, 1«Ә» - 25 оқушы, 1«Б» сынып 10 оқушы, 1«В» сынып 8 оқушымен жеке жұмыс. Қорытындысы бойынша сынып мұғалімі мен ата-аналарға ұсыныс-кеңестер.

11) 01.04.2022 ж. Мінез-құлық ерекшеліктері, темпераментті анықтау айзенк сауалнамасы, жеке ұсыныс-кеңес (11 А сынып, қатыспаған 8 оқушымен).

III. Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы:

1) 17.01.2022 ж. Тоқсан басында және сабақ барысында «жағымды эмоция орнату жаттығулары» мұғалімдерге арналған ұсыныс-кеңестер.

2) 18.01.2022 ж. «Өмірге төзімділікті дамыту» ата-аналарға арналған жадынама, бейнематериалдар.

3) 21.01.2022 ж. **Ойынды дұрыс жеткізе** білудің жолдары. Аудиокітап жазба ссылькасы 8-11 сынып оқушылар чатына жіберілді.

4) 26.01.2022 ж. 9 «А,Ә,Б,В» сынып оқушыларының қатысуымен ZOOM платформасында «Қазіргі таңдағы сұрыныстағы мамандықтар», «Кім болғым келеді? Заманауи мамандықтар атласы» психологиялық сағат өткізілді.

5) **28.01.2022 ж.** Қиындықтан шығудың жолы бар. Аудиокітап жазба ссылыкасы 8-11 сынып оқушылар чатына жіберілді.

6) 01-03.03.2022 ж. мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату және нығайту, сенімділігін арттыру мақсатында оқушы, ата-аналар, сынып жетекшілері, әкімшіліктің қатысуымен «Бүгінгі мектеп түлегі - ертеңгі елдің тірегі» тақырыбында психологиялық тренинг

7) 2 сәуір – Аутизм мәселелері жөнінде бүкіл әлемдік ақпарат тарату күніне орай «Балаларымызға бірге жол ашайық» тақырыбында жадынама ұсыныс-кеңестер 1-11 сынып ата-аналар чатына жіберілді.

8) 20.04.2022 ж. 10 «А,Ә,Б» сынып оқушылармен «Қызығушылық карта», психологиялық денсаулықты анықтау тест-сауалнама қорытындысы туралы ақпарат-кеңес, психологиялық сағат.

9) 21.04.2022 ж. 4 «Б,В» сынып оқушыларына НОБД кезінде өзіне психологиялық жағдай жасау жолдары мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

10) 28.04.2022 ж. бастауыш ДОЖЖО-ның сұранысы бойынша 4 «В» сынып ер балалардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту, мінез-құлық тәртіпті қалыптастыру мақсатында әңгіме, түсіндірме жұмысы жүргізілді. 16 оқушы қатысты. Нәтижесінде оқушылар түсіндірме, қарым-қатынас ережелерін түсініп, дұрыс қабылдады.

11) 28.04.2022 ж. 11 сынып ата-аналар жиналысында «Балаңызға емтихандарды сәтті тапсыруға қалай көмектесуге болады?» ұсыныс-кеңес, «Жүйке-психикалық күйзелісті жеңілдету жолдары» тренинг жаттығулары ұсынылды.

12) 05.05.2022 ж. 9 сынып ата-аналар жиналысында жасөспіріммен оңтайлы қарым-қатынастың тиімді жолдары ұсыныс-кеңестер, «Психологиялық ақуал тудыру» тренинг жаттығулары өткізілді. «Емтиханға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында ұсыныс-кеңестер жадынамасы сынып жетекшілері мен ата-аналар чатына жіберілді.

13) 13.05.2022 ж. 15 мамыр – отбасы күніне орай «Баламен жақсы байланыс – қарым-қатынастың басты ережелері» тақырыбында жадынама ұсыныс-кеңестер әзірленіп, 1-11 сынып ата-аналар чатына жіберілді.

14) 18.05 – 27.05.2022 ж., 9, 11 сынып оқушыларымен емтихан кезінде және емтиханнан кейінгі қылықтар туралы ұсыныс-кеңестер беріліп, тренинг өткізілді. Сынып жетекшілері мен оқушылар чатына ұсыныс-кеңестер жіберілді.

15) 23.05.2022 ж. «Балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпсіз мінез-құлық» жадынамасы сынып сағатына 1-11 сынып жетекшілеріне ұсыныс. «Қауіпсіз каникул», ата-аналарға арналған жадынама «Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін алдын алу» ата-аналар жиналысына ұсыныс-кеңестер берілді.

IV. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс:

1) 26.01.2022 «ҰБТ-дан нәтижеге жеткіңіз келе ме?» психологтың ұсыныс-кеңестер 11 сынып оқушыларына.

2) 26.01.2022 ж. 9 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілген ZOOM платформасында «Қазіргі таңдағы сұрыныстағы мамандықтар», «Кім болғым келеді? Заманауи мамандықтар атласы» психологиялық сағат, ұсыныс-кеңестер. https://www.instagram.com/p/CZQZWJYqeY1/?utm_medium=copy_link

3) 27.01.2022 ж. Әкімшілік сұранысы бойынша 9-11 сынып қалалық олимпиадаға қатысушы оқушылармен «Жетікке жол!» тренинг. 18 оқушы қатысты.

4) 10, 11.02.2022 ж. 11 сынып оқушыларының қатысуымен ҰБТ-ға психологиялық дайындықты нығайтуда коммуникациялық іскерлікті жетілдіру, өзін сенімді сезіну үшін тұлғаны психологиялық күйге келтіру мақсатында психологиялық тренингі.

https://www.instagram.com/p/CZ4bnrNMLLO/?utm_medium=copy_link

5) 21.02.2022 ж. 8,9 сынып қызығушылық карта, кәсіби бағдарды анықтау сауалнама қорытындысы әкімшілік отырысында таныстырылды.

6) 28.02.2022 ж. 10 сынып Кәсіби бағдарды анықтау сауалнама қорытындысы өңделіп, хаттамасы жазылды.

7) 10.03.2022 ж. 10 «А,Ә,Б» сынып Мамандық типтері және кәсіби бағдарын анықтау сауалнама қорытындысы әкімшілік отырысында таныстырылды.

8) Ата-аналардың көңіл – күйді жақсарту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту, ой қозғату, әдістемелік көмектер беру мақсатында «Менің балам қандай?» атты ата-аналарға арналған тренинг, 7 сынып.

9) 11.03-18.03, 27,29.04.2022 ж. ҚББ бұйрығы негізінде қалалық №7, 22, 8, 14, 17, 19, АИТИ лицейі, №1, КОМ№3 мектеп психолог мамандарына әдістемелік көмек көрсетілді.

10) 16.03.2022 ж. Әкімшілік сұранысы бойынша 9-11 сынып облыстық олимпиадаға қатысушы оқушылармен қатысушыларға психологиялық көмек көрсету, қатысушылардың өздеріне деген сенімдерін нығайтып, өзі туралы ойын дамытып, коммуникациялық іскерлікті жетілдіру, өзін сенімді сезіну үшін тұлғаны психологиялық күйге келтіру мақсатында «Мақсатқа жету жолында» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке 6 оқушы қатысты.

11) 17.03.2022 ж. гимназия психологтары Тауфих А., Казгожина К.Н., КИО республикалық психологтарға арналған психологиялық олимпиадаға қатысып, сертификат, жүлделі 2 орынға ие болды.

12) 18.03.2022ж. Оқушылардың психологиялық дүниетанымының дамуын анықтау, жеке жұмыстың қортындысын өңдеу 1 сынып ата-аналарына ұсыныс, қорытындысын сынып жетекшілеріне таныстыру (1А,Ә,Б,В).

13) 25.03.2022 ж. 9 сынып «Кәсіби бағдарды анықтау» сауалнама қорытындысы бойынша ақпарат беру (директордың жанындағы отырыста)

14) 25.03.2022 ж. «Қазіргі таңдағы сұраныстағы мамандық» туралы ақпарат, ұсыныс- кеңестер (10 сынып оқушылар чатына). «Емтиханға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» ұсыныс-кеңестер әзірленді (9,11 сынып жетекшілері мен оқушылар чатына).

15) 29.03.2022 ж. 1-11 сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдермен «Шеберлік сынып» тақырыбында тренинг өткізілді, сыныптық ата-аналар жиналысына әдістемесі ұсынылды. 30.03.2022 ж. 8Ә сынып сынып жетекшісі сұранысы бойынша ата-аналармен «Шеберлік сынып» өткізілді.

16) 04.04 - 05.04.2022 ж. оқушылардың бейіндік пәндерін анықтау мақсатында мақсатында әкімшілік сұранысы бойынша 6 «А,Ә,Б,В,Г,Д» сынып «Оқушылардың пәнге деген қарым-қатынасын» анықтау сауалнама қорытындысы өңделіп, хаттамасы жазылып, ДОЖЖО-на ұсынылды.

17) 04.04.2022 ж. «Оқушыларды бейіналды дайындауда психологиялық қолдау» 9 сыныптарға арналған авторлық бағдарламаны жинақтау, тәжірибе тарату мақсатында ҚББ-не ұсынылды.

18) 04.05.2022 ж. Обл.ББ және гимназия әкімшілік сұранысы бойынша қалалық мектеп АӘД мұғалімдерімен бағдарлама бойынша психологиялық тренинг өткізілді. Нәтижесінде қатысушылар тренингтен алған әсерлерін білдіріп, алғыс білдірді.

19) 06.04.2022 ж. 6 «А,Ә,Б,В,Г,Д» сынып оқушылардың бейіндік пәндерін анықтау мақсатында «Оқушылардың пәнге деген қарым-қатынасын» анықтау сауалнамасы қорытындысы өңделіп, ДОЖЖО-на таныстырылды.

20) 11.04-20.05.2022 ж. 6, 7, 8, 9, 5 сынып «Психикалық денсаулық, өзін-өзі бағалауды анықтау» Айзенк сауалнамасы қорытындысы өңделіп, хаттамасы жазылды.

21) 15.04.2022 ж. бастауыш сынып апталық іс-шара жоспары аясында 1 сыныпқа келетін балалардың ата-аналарымен «Шеберлік сынып» өткізілді.

22) 25.04.2022ж. 4 сынып «Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау, сабақтағы көңіл-күйін анықтау жұмыстарының қорытындысын өңделді, хаттама, сынып мұғаліміне ұсыныс-кеңестер.

23) 25.04.2022 ж. 11 «А,Ә,Б» сынып ҰБТ, қорытынды аттестаттауға дайындықтағы қиындықтарды, мәселелерді шешу жолдары мақсатында жүргізілген «Танымдық әңгіме» қорытындысы негізінде оқушылардың пән мұғалімдеріне ұсыныстары әкімшілік отырысында ескертілді.

24) 04.05.2022 ж. «Қарым-қатынас жарастығы» психологиялық тренинг (АӘД мұғалімдерінің облыстық деңгейдегі курсқа қатысушылары).

25) «15 мамыр Халықаралық отбасы күніне» орай ата-аналарға арналған ұсыныс-кеңестер. <https://www.instagram.com/p/CdkWJtes33c/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

26) 17.05.2022 ж. Балалар мен оқушылардың қауіпсіздігі, зорлық-зомбылықты алдын алу мақсатында ата-аналарға және жасөспірімдерге арналған жадынама, ұсыныс-кеңестер әзірленді.

27) 19.05.2022 ж. 9, 11 сынып сынып жетекшілер мен ата-аналарға арналған «Жасөспірімнің ҰБТ, емтихан тапсыруға дайындығы кезінде ата-аналарға көмек көрсету» тақырыбында ұсыныс-кеңестер, жадынама.

28) 26,27.05.2022 ж. 9, 11 сынып жетекшілері мен оқушыларға арналған «Емтихан кезінде және емтиханнан кейінгі қылықтар туралы ұсыныс- кеңестер» әзіленді.

29) Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер жазылды. Қорытынды: 2021-2022 оқу жылындағы I, II жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық қызметі атқарылды.

Психологиялық қызметтің статистикалық есебі:

1. Диагностикалау – 19.
2. Түзету-дамыту жұмысы – 18.
3. Профилактика және психологиялық ағарту – 34.
4. Кеңес беру саны – 208.
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс - 49.
6. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер – 2.

ІҮ.Әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының есебі

Мақсаты: Оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды әлеуметтік- педагогикалық қамтамасыз ету және қолдау жасау.
2. Барлық тәрбиеленушілердің тұтынушылықтарына сәйкес мүмкіндігінше пайдалы қызметке кірістіру.
3. Мектеп-гимназиясындағы педагогикалық ұжым оқушылардың құндылықсыз комплекстерін женуге және жағдайы мен мәртебесін көтеру жұмыстарын күшейту.
4. Балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу.

Көрсетілген мақсат-міндеттерден әлеуметтік педагогтың төмендегідей жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қортындысын салыстырмалы көрсеткішін анықтап және жаңа оқу жылының жоспарын жасау. Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар бойынша жүргізіледі. Бала тәрбиесі жүйелі жүргізілу үшін оқу жылының басында сынып жетекшілеріне сынып оқушыларының, яғни баланың отбасы құрамы, тұрмыс жағдайы, ата-анасы туралы, толық немесе толық емес отбасы екендігі, жанұядағы психологиялық ахуалды, мектептегі оқушылардың әр отбасының әлеуметтік статусы анықталады.

Отбасының әлеуметтік статусы жоғары, орта, төмен болып үш деңгейге бөлінеді. Жоғары деңгейдегі отбасыларға ата-анасы жоғары білімді, мамандығы бойынша жұмыс істейді, табыстары адам басына шаққанда жеткілікті, тұрмысы жақсы, бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөлетін отбасылар жатқызылады.

Орта деңгейдегі отбасыларға ата-анасының білімі арнаулы орта, отбасы толық емес, бала тәрбиесімен анасы немесе әкесі, апасы айналысады, отбасының табысы тек өздерінің күнделікті тіршіліктеріне ғана жететін отбасылар жатқызылады. Төмен деңгейдегі отбасыларға ата-аналары жұмыс істемейтін немесе мамандығына сай емес жұмыспен айналысатын, табысы төмен, білімі деңгейі орта, жалдамалы пәтерде тұратын, тұрғылықты жерін жиі ауыстыратын отбасылар жатады. Жоғарыда көрсетілген деректер баланың жақсы оқып бірқалыпты дамуына да қатты әсерін тигізеді.

Төмен деңгейдегі отбасының жиі көшіп қонуы, баланың мектепті жиі ауыстыруы, оның келген ортасына сіңіп кетуі, басқа балалармен тіл табысуы, жаңа ортаға тез үйренісуіне кедергі жасайды.

Сынып жетекшілердің көмегімен оқушылардың құжаттары тексеріліп, мектеп бойынша ата-анасының қамқорлығынан айырылғандар, (жетім балалар), көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, жағдайы төмен отбасылар, пәтер жалдап тұратын отбасылар саны, жалпы мектеп бойынша әлеуметтік кесте құрылды. Әлеуметтік педагог жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және кеңес беру болып табылады.

Қала сыртындағы «Чайка» жазғы балаларды сауықтыру орталығына 10 күнге (1 ауысым 12.06.-21.06.2021ж. аралығында) Қанатқызы Ақбота 3 «В» сынып оқушысы (аз қамтылған отбасы (АСП алады), Ерікұлы Әділ 5 «Д» сынып оқушысы (көп балалы отбасы (АСП алады) аз қамтылған), Қанат Нұрәлі 5 «Д» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы), Қаирбек Жансая 7 «Б» сынып оқушысы (аз қамтылған, толық емес отбасы), Жаксыбаев Мансур 8 «Ә» сынып оқушысы (аз қамтылған (АСП алады), көп балалы, толық емес отбасы), жалпы мектеп бойынша аз қамтылған 5 оқушы (жолдама құны 1 оқушыға 40000т. құрады, жалпы мектеп 200000т. жолдамаларға және ПЦР тестке 19750т. төледі) демалуға барып келді. Палаточный «Жаңа ұрпақ» лагеріне 3 ауысымға 21.06.-25.06.2021ж. аралығында Қаби Аружан 6 «Б» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы), 4 ауысымға 28.06.-02.07.2021ж. аралығында Омарова Жанерке 6 «В» сынып оқушысы (аз қамтылған, толық емес отбасы) (жолдама құны 1 оқушыға 10993т. құрады, жалпы мектеп 21986т. жолдамаларға төледі) 5 күнге демалуға барды. Юрточный «Ұлы дала ұрпақтары» лагеріне 1 ауысымға 05.07.-09.07.2021ж. аралығында Бекболат Арлан, Бекболат Ерлан 5 «В» сынып оқушылары (аз қамтылған, толық емес отбасы), 2 ауысымға 12.07.-16.07.2021ж. аралығында Жепеева Гульжиян 6 «Б» сынып оқушысы, Жепеев Темирлан 8 «Ә» сынып оқушысы (ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар), 3 ауысымға 19.07.-23.07.2021ж. аралығында Совет Батыржан 7 «В» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы), Джаналинова Аяна 9 «А» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы), 4 ауысымға 26.07.-30.07.2021ж. аралығында Негметжанов Данияр 5 «А» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы), Бөрібай Мадияр 6 «Г» сынып оқушысы (аз қамтылған, көп балалы отбасы) (жолдама құны 1 оқушыға 12713т. құрады, жалпы мектеп 101704т. жолдамаларға төледі) 5 күнге демалуға барды. 2021 жылдың тамыз айында аз қамтылған және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 74 оқушыларға жаппай біліммен қамту қорынан бөлінген қаржыға кеңсе тауарлары, мектеп формалары, спорттық киімдер, аяқ киімдер ата-аналардың өтініштері негізінде таратылды. Аз қамтылған бастауыш 1-4 сынып оқушыларына, жалпы 20 оқушыға, әр балаға жеке-жекеден тор дәптерден – 10 дана, жол дәптерден – 10 дана, пенал – 1 дана, сурет дәптері – 1 дана, қалам – 10 дана, қарандаш – 5 дана, дәптерге арналған тыстар – 20 дана, акварель краскалары – 1 дана, сызғыш – 1 дана, өшіргіш – 1 дана, рюкзак – 1 данадан ата-аналарына таратылды. Аз қамтылған орта буын 5-7 сынып оқушыларына, жалпы 34 оқушыға, әр балаға жеке-жекеден тор дәптерден – 10 дана, жол дәптерден – 10 дана, пенал – 1 дана, сурет дәптері – 1 дана, қалам – 10 дана, қарандаш – 5 дана, дәптерге арналған тыстар – 20 дана, қалың дәптерден – 10 дана, сызғыш – 1 дана, өшіргіш – 1 дана, рюкзак – 1 данадан ата-аналарына таратылды. Аз қамтылған жоғары 8-11 сынып оқушыларына, жалпы 20 оқушыға, әр балаға жеке-жекеден тор дәптерден – 10 дана, жол дәптерден – 10 дана, пенал – 1 дана, сурет дәптері – 1 дана (8-9 сынып оқушыларына), қалам – 10 дана, қарандаш – 5 дана (8-9 сынып оқушыларына), 10 дана (10-11 сынып оқушыларына), дәптерге арналған тыстар – 20 дана, қалың дәптерден – 10 дана, сызғыш – 1 дана, өшіргіш – 1 дана, циркуль – 1 дана (10-11 сынып оқушыларына), рюкзак – 1 данадан ата-аналарына таратылды.

Мектеп формасы мен туфлилер 24 оқушыға, спорттық киімдер мен кроссовкилар 50 оқушыға таратылды. Универсальное швейное производство

«Айзере»-ге мектеп формасына 338688т., туфлилерге 180096т., спорттық киімдерге 462000т., кроссовкиларға 263424т., жалпы 1244208т. мектеп төледі.

2021-2022 оқу жылы тегін тамақтануға аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған қыркүйек, қазан, қараша айларында 81 оқушы, желтоқсан айында 82 оқушы, қаңтар айында 86 оқушы, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында 88 оқушы құрады. 02.09.2021ж. бастап аз қамтылған отбасылары бар оқушыларға тегін ыстық тамақ асханадан берілді. I, II ауысым бойынша аз қамтылған отбасылары бар оқушылардың тегін тамақтануы бақыланып, ай сайын табельдері бухгалтерияға тапсырылды.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап сынып жетекшілер оқушылардың тұрғылықты-тұрмыстық жағдайларын зерттеп, сыныптың әлеуметтік төл құжаттарын құрастырды. Әлеуметтік төл құжаттары негізінде қыркүйек айынан бастап оқушылардың әлеуметтік мәртебесіне қарай тізімдері бекітілді. 2021-2022 оқу жылының қыркүйек, қаңтар айларында мектептің әлеуметтік паспорты құрылды.

09.11.2021ж. 6 «А, Ә, Б, В, Г, Д», 7 «А, Ә, Б, В, Г», 8 «А, Ә, Б, В», 9 «А, Ә, Б, В», 10.11.2021ж. 5 «А, Ә, Б, В», 10 «А, Ә, Б», 11 «А, Ә, Б» сынып оқушыларына әлеуметтік педагог Казгожина К.Н. «Менің құқығым» атты дәріс оқыды. Дәрісте оқушылардың құқықтары мен міндеттері, қандай заңдарды білу керектігі, ішімдік, нашакорлық, темекі, электрондық темекімен ұсталатын болса, қандай жауапкершілікке ата-аналары тартылатындығы туралы, мектепте, қоғамдық орындарда өзін-өзі басқара білуі, әкімшілік құқық бұзушылықтың баптары және қылмыстық кодекске неше жастан бастап жауапкершілікке тартылатындығы жайында баяндалды.

09.11-12.11.2021ж. аралығында педагог-психолог Тауфих А. бірлесе «Өз құқығыңды білесің бе?» атты анонимді онлайн сауалнама 5 «А, Ә, Б, В», 6 «А, Ә, Б, В, Г, Д», 7 «А, Ә, Б, В, Г», 8 «А, Ә, Б, В», 9 «А, Ә, Б, В», 10 «А, Ә, Б», 11 «А, Ә, Б» сынып оқушыларынан алынды. Сауалнамаға 5-7 сыныптарда 96 оқушы, 8-10 сыныптарда 74 оқушы, барлығы 170 оқушы (59,5% қыз, 40,5%-ы ер бала) қатысты. Қорытындысы бойынша мектепте немесе үйде, өз сыныбында немесе интернет желісі арқылы жәбір көріп, қысылып, тұйықталып, зорлық-зомбылық көріп жүрген, қиын жағдайға тап болған, құқығы бұзылған оқушылар анықталған жоқ. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар өз құқықтары туралы жалпы ақпаратты біледі, қиындыққа тап болған жағдайда ата-анасы, мұғалім, достары, мамандардан (психолог, әлеуметтік педагог, медбике, мұғалім, сынып жетекші, туыстары, полициядан) көмек сұрай алатындығы байқалды.

Жасөспірімдердің арасында заң бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп әкімшілігі құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарды. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары Самерова А.А., Рахимбеков Е.Ж. оқушыларға құқықтық тәрбие беруде көп көмек көрсетіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып өткізуге әрқашан көмек көрсетіп отырды. Жыл басынан кәметке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың және олардың, қадағалаусыз қалуының алдын-алу мақсатында педагог-психологы Тауфих А., әлеуметтік педагог Казгожина К.Н., медбике Жагупарова А. және мектеп инспекторымен біріге отырып, «Оқушының міндеттері», «Мен және менің отбасым», «Менің құқығым», «1-11 сыныптарда оқитын оқушылардың ата-аналарына психологиялық көмек», діни ағымдардан аулақ болу, денсаулығын нығайту бойынша арнайы мамандардың қатысуымен жиналыс, семинарлар өтіп, 1-11

сынып жетекшілері арқылы оқушылардың, ата-аналардың чаттарына жадынамалар, видеороликтер, слайдтар таратылды.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған 7 «Б» сынып оқушысы Жепеева Гульжиян, 9 «Ә» сынып оқушысы Жепеев Темирланмен жыл бойы жеке әңгімелер жүргізіліп, есептері уақытында Көкшетау қаласының білім бөлімінің «Қамқоршылық және қорғаншылық» органына тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпанда №173 қаулысына сәйкес мектептегі әлеуметтік көмек алуға құқығы бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Бұған қоса 2021-2022 оқу жылында қашықтықтан оқытуға ауысуына байланысты мектептегі ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар және жағдайы төмен отбасылардың балаларын компьютерлік техникамен (ноутбук және планшетпен) 18 оқушы қамтамасыз етілді. Жалпы айтқанда мектепте әлеуметтік көмек алатын оқушылардың барлығына толық қамқорлық жасалынып, оларға қажетті психологиялық, педагогикалық және материалдық жағдай жасалған.

Желтоқсан айында президенттік жаңа жылдық шырша мерекесіне 7 «Ә» сынып оқушысы, Ибрагим Әділ (дарынды оқушыға) 100000т. сертификат, кулек, кітап сыйлық берілді, қала әкімінің шыршасынан көп балалы, аз қамтылған Байтемиров Альтаир 4 «А» сынып оқушысы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы 7 «Б» сынып оқушысы Жепеева Гульжиян 50000т. сертификаттар, кулектар берілді, мектепшілік жаңа жылдық шырша мерекесінде аз қамтылған 82 оқушыға кулектар таратылды.

2021-2022 оқу жылы сынып жетекшілермен бірлесе аз қамтылған оқушылардың мекен-жайларын араладық.

Былтырғы оқу жылы жалпы оқушылар саны 1150 (100%), көп балалы отбасылар болып есептелетін оқушылар саны 113 (9,8%), отбасында жалғыз баласы бар оқушылар саны 102 (8,9%), ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар саны 2 (0,2%), мүгедек балалар саны 4 (0,3%), толық емес отбасылар 82 (7%), өзге ұлт өкілдері 9 (0,8%) болса, биылғы оқу жылы жалпы оқушылар саны 1165 (100%), көп балалы отбасылар болып есептелетін оқушылар саны 306 (26%), отбасында жалғыз баласы бар оқушылар саны 89 (7,6%), ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар саны 2 (0,2%), мүгедек балалар саны 5 (0,4%), толық емес отбасылар 111 (9,5%), өзге ұлт өкілдері 11 (0,9%) құрады. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда жалпы бала саны 15 өсті, көп балалы отбасылар болып есептелетін оқушылар 16,2% артты, отбасында жалғыз баласы бар оқушылар 1,3% кеміді, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар өзгеріссіз, мүгедек балалар 0,1% артты, толық емес отбасылар 2,5% артты, өзге ұлт өкілдері 0,1% артты.

Соңғы үш жылдың әлеуметтік паспортын салыстырмалы талдау

